



Орман қоры жерлерінің жекелеген участеклерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 235 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаган орта және су ресурстары басқармасы "Павлодар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) жалпы алаңы 0,3909 гектар жер участекі орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Павлодар облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер участеклерінің электр беру желілерін салу үшін "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – акционерлік қоғам) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Акционерлік қоғам (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алушан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығасылары мен шығындарын респубикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ә. Смайлов

Премьер-Министри

Қазақстан Республика
Үкіметінің
2022 жылғы 21 сәуір
№ 235 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылатын жер участекінің экспликациясы

Жер атавы	пайдаланушиның ектар	Жалпы аланы, ектар	оның ішінде:		
			орман көмкерген	орман көмкермеген	жайылым
1	2	3	4	5	
Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының "Павлодар орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	0,3909	0,1146	0,269	0,0073	
Барлығы:	0,3909	0,1146	0,269	0,0073	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚК РМК